ХАТТАМА

Жаңаөзен қаласы № 01-04/05 **2026 жылғы 22 қаңтар**

Төрағалық еткен: Жаңаөзен қаласының әкімі Ж.И. Қайнарбаев
Қатысушылар: тізім бойынша

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңаөзен қаласының білім саласы бойынша берілген хаттамалық тапсырмалардың орындалуы туралы

(Ж.Аймаганбетов, М.Мұқаш, М.Уйсенов, Ғ.Құрманғалиев, Д.Есенова, А.Джалғасбаева, Қ.Аманжанов, М.Тоқтасынов, Р.Сырымов, Ж.Агисов)

1.1. Білім саласына қатысты барлық аппараттық мәжілістерде және көшпелі кеңестерде берілген хаттамалық тапсырмалар толық қамтылсын. Аталған мәселе **2026 жылғы 24-і ақпанда** тыңдалсын.

1.2. Жаңаөзен қалалық жастар ресурстық орталығының жылдық жоспарлары мен атқарылған жұмыстары тыңдалсын.

1.3. Жаңаөзен қаласында әкелер одағы, аналар кеңесі және әскери-патриоттық бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында өндірістік мекемелер мен мектептерді тарта отырып, тиісті іс-шаралар жоспары әзірленсін.

1.4. Кітап оқу жобасына өндірістік мекемелерді қатыстыра отырып жүйелі жұмыстар жүргізілсін.

1.5. Республикалық оқушылар Альянсын қала және ауылдарда құру мәселесі қаралсын.

1.6. Бос тұрған мектеп директоры лауазымына резервке жас мамандарды даярлау мәселесі пысықталып, ақпарат ұсынылсын.

1.7 Ұлттық бірыңғай тестілеуде жоғары нәтиже көрсету мақсатында оқушылардың дайындық жұмыстары күшейтілсін. Арнайы білім беру саласындағы жоғары деңгейдегі мамандарды тарта отырып, жиналыстар ұйымдастырылсын.

1.8. «Болашақ Сарайы» мекемесінің жылдық жұмыс жоспары әзірленіп, үйірмелердің жұмыс қарқыны күшейтілсін. Қаралған қаржылар бойынша жиналыс ұйымдастырылсын.

1.9. Білім беру ұйымдарының ғимараттарындағы жылу жүйелеріне сантехникалық қызмет көрсету бойынша «ӨзенЖылу» МКК және электрлік техникалық қызмет көрсету бойынша «Өзенэнергосервис» МКК-мен заңнамада белгіленген тәртіппен келісім-шарт жасасу тапсырылсын.

1. Әр түрлі мәселелер бойынша

1.1. Жаңаөзен қаласы мен Қызылсай ауылы арасындағы интернет желісін «ҚазақТелеКом» АҚ-ның меншігіне беру мәселесі жеделдетілсін.

Мерзімі: 5 ақпан 2026 жыл.

1.2. Қалаішілік билбордтарға мониторинг жасалсын. Ескірген, үзілген және уақыты өткен ақпараттарды жаңалап, үнемі бақылауға алынсын.

1.3. Ауылдарда қызмет ететін коммуналдық кәсіпорын қызметкерлеріне тұрғын үй салу мәселесі пысықталып, ақпарат ұсынылсын.

Мерзімі: 2 ақпан 2026 жыл.

1.4. «Таза Қазақстан» акциясы бойынша 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары әзірленсін. Жүйелі жұмыстар ұйымдастырылсын.

Мерзімі: 28 қаңтар 2026 жыл.

1.5. Қала аумағындағы тозығы жеткен көпқабатты тұрғын үйлердің тізімі жасақталып, экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне ұсынылсын. ***Мерзімі: 2 ақпан 2026 жыл.***

Осы хаттамалық тапсырмалардың орындалысын бақылау салалар бойынша қала әкімінің орынбасарларына және қала әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

Жаңаөзен қаласының әкімі **Ж.Қайнарбаев**